

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі урология ғылыми-зерттеу институтының Қызылорда филиалын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 19 қараша 1993 ж. N 1162

Арал өңірі аймағындағы халыққа арнаулы медициналық көмек сапасын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Урология ғылыми-зерттеу институтының Қызылорда филиалы Қызылорда қалалық ауруханасы урология және нефрология бөлімшелері негізінде құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар

министрлігі мен Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің белгіленген лимиттері шегінде қаржылай және материалдық ресурстар бөлуін қарастырсын.

3. Қызылорда облысының әкімі филиалды ұйымдастыруда мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелерін қоса, қажетті көмек көрсететін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі